

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 26 желтоқсандағы N 1327 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 29 мамырдағы N 197д қаулысы

"Бюджет жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 1 сәуірдегі Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "2004 жылға арналған республикалық бюджеттік бағдарламалардың паспорттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 26 желтоқсандағы N 1327 қаулысына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулыға 124-қосымшада :

"Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары" деген 6-тармақтың кестесінде :

5-бағанның I бөлімінде :

"6", "1 700 000" деген сандар тиісінше "7", "1 868 964" деген сандармен ауыстырылсын ;

6-тармақтағы "Қызылорда - Павлодар - Успенка - Ресей Федерациясының шекарасы 1215-1232 км автожолын күрделі жөндеу;" деген сөздерден кейін "Қызылорда - Павлодар - Успенка - Ресей Федерациясының шекарасы автожолы бойынша 1382 км Павлодар қаласындағы Ертіс өзені арқылы өтетін көпірді күрделі жөндеу;" деген сөздермен толықтырылсын ;

5-бағанның II бөлімінде "4 700 000" деген сандар "4 531 036" деген сандармен ауыстырылсын ;

"Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер" деген 7-тармақта: "6" деген сан "7" деген санмен ауыстырылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі